1156.	Khamza A. E.	Innovative development of the Republic of Kazakhstan: artificial intelligence in human resource management	4964
1157.	Хамит Ж. Р.	Роль проектного управления в развитии инновационной деятельности вуза	4968
1158.	Шамырзаев Б. Д.	Методы решения возникающих проблем в государственном управлении	4972
1159.	Ыбрахым Б. Х.	Қазақстанның ұлттық компанияларындағы операциялық тиімділікті басқарудың өзекті мәселелері (мұнай-газ саласындағы компаниялар негізінде)	4974

**Подсекция 7.6 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТУРИЗМ: ЭКОЛОГИЯ,
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ТЕПЕ-ТЕҢДІГІ**

**УСТОЙЧИВЫЙ ТУРИЗМ В КАЗАХСТАНЕ: БАЛАНС ЭКОЛОГИИ,
ЭКОНОМИКИ И КУЛЬТУРЫ**

**SUSTAINABLE TOURISM IN KAZAKHSTAN: BALANCING
ECOLOGY, ECONOMY AND CULTURE**

1160.	Абдуллаева Жасмин Сайдуллақызы	Мейрамхана бизнесінде сандық технологиялардың қолданылуы	4977
1161.	Абдрахманов Айдар Серикович, Еремін Владислав Андреевич, Аюпова София Дулатовна	Современные тенденции цифрового маркетинга в гостиничной отрасли Казахстана	4980
1162.	Адебиет Анель Ерғазықызы	Туризмнің жергілікті қауымдастықтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсері	4985
1163.	Амержан Сабира Умурғалиқызы	Гастрономический туризм: влияние на ресторанный бизнес	4990
1164.	Балахметова Адия Болатқызы	Роль ТОО «Казахстанская атомная энергетическая станция» в содействии решения проблемы энергодефицита Республики Казахстан	4992
1165.	Бекмұхамбетова Іңкәр Маратқызы	Мейрамханалардағы тағам сапасын бақылау жүйелері	4995

1166.	Ғиззат Алтынай Ақанқызы	Культурное наследие как ресурс развития туристской индустрии Республики Казахстан	4999
1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

- Бизнесті дамыту;
 - Зейнетақы қорына салым жасау.
6. Қаржылық сауаттылықты арттыру жолдары. Қаржылық білімді жетілдіру үшін:
- Қаржы бойынша кітаптар оқу;
 - Мамандардың кеңестерін тыңдау;
 - Онлайн курстар мен тренингтерге қатысу.

Қаржы сауаттылығы - қаржының еркін айналымдылығын қамтамасыз ететін, оны дұрыс жұмсай білетіндер. Яғни қаражаттық, шаруашылық қызметтер мен экономиканылы үдерістерді түсінетін, талдайтын және олардың машықтарын күнделікті өмірде қолданы білуі – қаржы сауаттылығының негіздері болып саналады. Білімділік пен дағдының жиынтықтары. Қазіргі уаықттардатабыстарды табуды, оны арттыруды ғана емес, дұрыстап жұмсауды, үнемдеуді дұрыс басқаруды үйрену маңыздырақ. Негізінен кірістер шығыстардан көп болуларын қамтамасыз ету жолын қарастыру. Яғни тұлғалар өздері жарататын қаражаттардан көбірек табыстар тапса, қаражаттық мәселелер оңтайлы шешіледі. Қаржы жоқ болса, оны жұмсай да, пайдалана да алмайсын. Ал бар қаржыңды орындарымен жұмсап, қалдып қор жинау қажет. Яғни қолда бар қаражатыңды нақты басқара алу қабілеті әрбір адамдарға керекті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қаржылық сауаттылықты арттырудың тиімді жолдары қандай. <https://el.kz/>
2. Қаржылық сауаттылық: ол неге маңызды және оны қалай арттыру керек. <https://www.bcc.kz/kz/>
3. Қаржылық сауаттылық қарапайым ұғым. <https://zhasalash.kz/>

УДК 330.3022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫНЫҢ МҮЛІКТІ САҚТАНДЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Әнуарбек Ж.А

zansluanuarbek905@gmail.com


Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Экономика факультеті, «Қаржы»
кафедрасы, 2 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Хамитхан Назгуль

Өмірде белгілі бір келеңсіз оқиғалардан, жазатайым жайттардан, табиғаттың түрлі апаттарынан болатын қаржылық тәуекелдердің алдын алу үшін адам баласы өзіне қорғаныш іздейді. Мұндай қаржылық қорғау сақтандыру жүйесі арқылы жүзеге асады. Сақтандыру – бұл кездейсоқ сипаттағы, едәуір қаржылай қаражатты талап ететін тәуекелдерден қорғаудың тәсілі, мұндай қаражат субъектіде қажет уақытында болмай қалуы мүмкін. Оқыс оқиғалардың кездейсоқ сипаты, шығын келтірудің біркелкі болмауы және оның көзін жоюдың қиындығы ақшалай қаражаттардың арнайы қорларын құрудың қажеттілігімен шарттасылады [1]. Оның негізгі мағынасы – сақтандырылған адам немесе компания төтенше жағдай орын алғанға дейін арнайы ақша қорын құрады, ал қажет болған кезде сол қаражат шығындарды жабуға жұмсалады. Мысалы, өрт, су тасқыны немесе ауру сияқты күтпеген оқиғалар орын алса, бұл үлкен қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін. Осындай шығындарды өз қалтасынан төлеу әрдайым мүмкін бола бермейді, сондықтан сақтандыру арнайы қорға жиналған қаражат арқылы өтемақы төлеуге көмектеседі.

Сақтандырудың негізгі мақсаты – мүлік иелерін қаржылық қиындықтан қорғау және бизнес пен жеке өмірде тұрақтылықты қамтамасыз ету. Ол үлкен сомадағы ақшаны бірден

төлеуге мүмкіндік береді және экономикалық қауіпсіздікті сақтайды. Егер сақтандырылған оқиға орын алса, сақтандыру компаниясы келісімшартқа сәйкес тиісті өтемақы төлейді.

Қазақстанда сақтандыру міндетті және ерікті болып екіге бөлінеді. Міндетті сақтандыру мемлекет заңнамамен бекіткен, сақтандыру келісімшартын жасау міндеттелген қызметтер. Ерікті сақтандыру сақтанушының қалауы бойынша жасалатын сақтандыру түрлері. Сонымен қатар, сақтандыру объектісіне байланысты өмірді сақтандыру және жалпы сақтандыру болып бөлінеді. Өмірді сақтандыру адам өмірі мен денсаулығына байланысты сақтандыру қызметтері. Жалпы сақтандыру мүлдіктік, жауапкершілік және басқа да қаржылық тәуекелдерді сақтандыру.



2025 жылғы 1 қазандағы мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда 25 сақтандыру компаниясы жұмыс істейді. Олар қызмет көрсету бағытына байланысты екі негізгі санатқа бөлінеді: 15-і жалпы сақтандырумен, ал 10-ы өмірді сақтандырумен айналысады. Жалпы сақтандыру саласының негізгі қатысушылары – Halyk, Eurasia және Nomad Insurance, ал өмірді сақтандыру нарығында Halyk-Life ӨСК, Freedom Life ӨСК және Nomad Life ӨСК көш бастап тұр. Осы компаниялардың жалпы сақтандыру нарығындағы сақтандыру төлемдерінің жалпы көрсеткіштерін 2022-2024 жылғы көрсеткіштермен салыстырып көрейік.

Берілген деректер негізінде 2022-2024 жылдар аралығындағы сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі мен сақтандыру оқиғаларының санының өзгеру үрдістерін сараптауға болады.

Сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі тұрақты өсіп келеді. 2022 жылдан 2023 жылға дейін +55,5 млн (+39,7%), бұл көрсеткіш елеулі түрде артқан, ал 2023 жылдан 2024 жылға дейін +45,6 млн (+23,4%) өсім алдыңғы жылмен салыстырғанда біршама төмендегенімен, оң үрдіс сақталған. Нақты айтқанда, 2024 жылы сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі 240,9 млрд теңгені құрап, бұл сала үшін рекордтық деңгейге жеткен. Жалпы өсім соңғы екі жыл ішінде айтарлықтай жоғарылағанын көрсетеді.

Сақтандыру төлемдерінің санының өсуі

2022 жылдан 2023 жылға дейін +168,2 оқиға (+26,3%)

2023 жылдан 2024 жылға дейін +173,6 оқиға (+21,5%)

Жалпы өсім: +341,8 оқиға (+53,4%)

Сақтандыру төлемдерінің саны да жыл сайын артып келеді. 2022 жылдан 2023 жылға дейінгі кезеңде сақтандыру жағдайларының саны едәуір өссе, 2023 жылдан 2024 жылға дейінгі аралықта да жоғарылаған, бірақ өсім қарқыны біршама баяулаған. Бұл сақтандыру қызметтеріне сұраныстың артуын, сондай-ақ халық пен кәсіпорындардың сақтандыруға деген қызығушылығының жоғарылағанын білдіреді.

Сақтандыру оқиғаларының саны тұрақты түрде өсіп жатыр, бірақ жылдық өсім қарқыны біртіндеп төмендеуде.



Енді сақтандыру түрлері бойынша талдап көрелік, ең үлкен үлеске ерікті жеке сақтандыру ие. 2022 жылы бұл көрсеткіш 544,9 бірлік, ал 2024 жылы 753,2 бірлікке жеткен. Бұл басқа екі сақтандыру түрімен салыстырғанда айтарлықтай жоғары мән.

Міндетті сақтандыру 2022 жылы 79,5 бірлікті құрап, 2024 жылы 199,2 бірлікке дейін өскен. Бұл көрсеткіш ерікті жеке сақтандырумен салыстырғанда 3–4 есе аз.

Ерікті мүлікті сақтандыру барлық кезеңде ең төменгі көрсеткіштерге ие болып отыр. 2022 жылы 15,6 бірлік, 2024 жылы 29,4 бірлік деңгейіне жеткен. Бұл міндетті сақтандырумен салыстырғанда шамамен 6–7 есе, ал ерікті жеке сақтандырумен салыстырғанда 25 есе аз.

Өсу қарқыны бойынша салыстыру

Өсу қарқынын есептеу үшін әр сақтандыру түрінің 2022–2024 жылдардағы өсімін талдайық:

Міндетті сақтандыру: 2022 жылдан 2024 жылға дейін 2,5 есе артқан (+119,7 бірлік).

Ерікті жеке сақтандыру: 2022 жылдан 2024 жылға дейін 1,38 есе өскен (+208,3 бірлік).

Ерікті мүлікті сақтандыру: 2022 жылдан 2024 жылға дейін 1,88 есе артқан (+13,8 бірлік).

Міндетті сақтандыру мен ерікті мүлікті сақтандырудың өсімі жоғары, бірақ абсолютті мәндер тұрғысынан ерікті жеке сақтандыру ең үлкен өзгеріске ұшыраған.

Динамикалық тренд және факторлар

Ерікті жеке сақтандырудың басым болуы – халықтың қаржылық тұрақтылыққа ұмтылуы, өмірді сақтандыру өнімдерінің кеңеюі және сақтандыру компанияларының белсенді қызметімен түсіндіріледі.

Міндетті сақтандырудың өсуі – заңнамалық талаптардың қатаңдауы мен халықтың сақтандырудың маңыздылығын түсіне бастауының белгісі.

Ерікті мүлікті сақтандырудың баяу дамуы – халықтың бұл сегментке деген қызығушылығының төмендігі, қаржылық сауатсыздық және сенім деңгейінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Талдау нәтижесіне сүйенсек Қазақстанда сақтандыру саласы қарқынды дамып келе жатқанымен, халықтың мүлікті сақтандыруға деген қызығушылығы төмен деңгейде қалып отыр. Өзіміз білетіндей 2024 жылы Қазақстанда соңғы 80 жылда болмаған ірі су тасқыны көптеген өңірлерде үлкен залал әкеліп, тұрғын үйін, кәсібін жоғалтқан азаматтардың қиын жағдайға түскенін көрсетті. Өкінішке қарай, зардап шеккен азаматтардың көбісі сақтандыру қызметін пайдаланбаған. Мыңдаған адам баспанасыз қалды, жүздеген

кәсіпкерлік нысан мен инфрақұрылым бүлінді. Дүниежүзілік банктің дерегінше, 12 мыңға жуық тұрғын үйін тастап шықса, 15 облыс апатты сезінген, келген шығын – 658 млн доллар. Солтүстік Қазақстан облысы – 144 млн доллар, Батыс Қазақстан облысы – 141 млн доллар, Атырау облысы – 118 млн доллар, Ақтөбе облысы – 89 млн доллар, Қостанай облысы 77 млн доллар шамасында зардап шеккен. ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев тасқынның зардабын 300 млрд теңгеге теңеген, инфрақұрылым толық жөнделген шақта көрсеткіш көтерілуі мүмкін екенін жасырмады. Міне, ел билігі осы шығынды қазынадан жауып, азаматтарға жалпы сомасы 13,3 млрд теңге біржолғы әлеуметтік көмек, 9,9 млрд теңге көлемінде 150 АЕК-ке дейінгі өтемақы төледі. Бұдан бөлек Үкімет резервінен, кәсіпкерлік сектордан да қосымша қаржы қаралған. «Биыл Үкімет резервінен 42,5 млрд теңге бөлінді. Оның 400 млн теңгесі зардап шеккен отбасыларға Қостанай облысының Арқалық қаласынан 31 пәтер сатып алуға бағытталды. 1,4 млрд теңге – Қостанай облысының Арқалық қаласындағы, Амангелді және Жангелді аудандарындағы «Қостанайюэлектросервис» КМК электр желілерін қалпына келтіруге кетті. Ал 1,1 млрд теңге – Батыс Қазақстан облысындағы жоғары вольтты электр желілерін күрделі жөндеуге, 22,7 млрд теңге – Ақмола, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында жол инфрақұрылымын қалпына келтіруге жұмсалды», – делінген ресми мәліметте [3].

Менің ойымша осы жағдайда халық мүлкін сақтандыру компанияларына сақтандырғанда мемлекеттің шығыны азайып, қаржылық жүктемесі едәуір төмендер еді, өйткені мемлекет үйсіз қалған азаматтарға жаңа үйлер сатып алуға немесе салуға қаражат бөлді. Егер олардың мүліктері сақтандырылған болса, бұл шығындарды сақтандыру компаниялары өтейтін еді. Халықтың қаржылық қорғанысы да күшейер еді. Қазіргі жүйеде мемлекет зардап шеккендерге көмектескенімен, қаржылай өтемақы толық көлемде берілмеуі мүмкін. Ал сақтандыру жағдайында азаматтар өз мүлкінің нақты нарықтық құны бойынша төлем алатын еді. Халық табиғи апаттардан сақтандыруды белсенді түрде қолданса, бұл сақтандыру компаниялары үшін үлкен мүмкіндік. Себебі мүлікті табиғи апаттардан сақтандыру өнімдері көбейеді. Ал қазір Қазақстанда табиғи апаттарға арналған сақтандыру толық дамымаған. Сақтандыру резервтері құрылып, мемлекетке салмақ түспес еді. Егер барлық мүлік сақтандырылған болса, мемлекет тек ең осал топтарға көмектесіп, негізгі шығындарды сақтандыру жүйесі өтейтін еді.

Осыған байланысты Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев сақтандыру жүйесін одан әрі дамыту қажеттігін атап өтті. «Алдағы уақытта азаматтардың мүлікті сақтандыру жүйесін одан әрі дамыту туралы ойлануға тура келеді. Дамыған елдерде сақтандыру компаниялары табиғи апаттардан келген залалды өтеуге кететін шығынның едәуір бөлігін өз мойнына алады. Әрине, бұл мәселе экономиканы және қаржы жүйесін одан әрі дамытуға, қоғамда тиісті мәдениетті қалыптастыруға тікелей байланысты», – деді Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында [4].

Қазақстанда мүлікті сақтандыру ерікті түрде жүргізілсе, ал кейбір елдерде міндеттелген. Мысалы, АҚШ пен Түркияда полистер міндетті, ал Скандинавия елдерінде ғимарат қана емес, сондай-ақ жиһаз, техника және басқа да құнды заттар бірдей сақтандырылады. Кейбір мемлекеттерде өтемақы заңмен қарастырылса, қалғандарында арнайы сақтандыру қорлары құрылады. АҚШ-та мүлікті тасқыннан сақтандырудың ұлттық бағдарламасы жұмыс істейді АҚШ-та мүлікті сақтандырудың ең дамыған жүйелерінің бірі жұмыс істейді. Полистер тұрғын үй, көлік, бизнес және тіпті табиғи апаттардан келген шығындарды қамтиды. Әсіресе, су тасқынынан сақтандыруға айрықша көңіл бөлінеді. Бұған қатысты ұлттық бағдарлама 1968 жылы «Бетси жойқын дауылынан кейін қолға алынған. Бағдарламаға Төтенше жағдайлар ұлттық агенттігі жетекшілік етеді. Негізі өтемақы сақтандыру жарнасынан өтеледі, бірақ үлкен табиғи апаттарда мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Полисті табиғи апат туралы ресми жарияланбаса да алуға болады. Мысалы, Флорида штатында су тасқыны үнемі жүреді. 2,5 сантиметрге ғана көтерілген су деңгейі үйге 25 мың доллар, яғни, шамамен 12 миллион теңге зиян келтіре алады. 2023 жылы «Идалия» дауылынан кейін 5 мыңнан астам өтінім түсіп, өтемақы көлемі 300

миллион доллардан асқан. Зардап шеккендердің 90%-і ақшаны алғашқы 90 күнде алды. Түркияда тұрғын үй жер сілкінісінен міндетті түрде сақтандырылады Түркия сейсмикалық белсенділігі жоғары аймақта орналасқан. Сондықтан мүлікті сақтандыру мәселесі өте өзекті. Мұнда жиі жер сілкінеді. 1999 жылы жойқын зілзаладан кейін елде мүлікті сақтандыру міндеттелді. Полис үй иелеріне баспанасын жерасты дүмпулері және өрт, лай көшкіні сияқты салдарынан қаржылық жағынан қорғауға мүмкіндік береді. Сақтандырусыз мүлікке меншік құқығын алу немесе коммуналдық қызмет үшін төлем жасау мүмкін емес. Сақтандыру ғимаратты ұстап тұрған негізгі бөліктерді қамтиды, бірақ ішкі әрлеу мен жеке заттар үшін берілмейді. Өтемақы сомасы ғимараттың орналасқан жері, көлемі мен ғимарат түріне байланысты болмақ. Данияда тұрғын үй иелерінің 95%-тен астамы баспанасын сақтандырады Скандинавия елдерінде мүлікті сақтандыру баспананы ғана емес, сондай-ақ ішіндегі заттарды да қамтиды. Полис жиһаз, тұрмыстық техника мен басқа құнды нәрселерге де жарамды. Өрт, тасқын, тонау сияқты табиғи апат кезінде өтемақы төленеді. Көршісі пәтерін суға толтырса да, ақша беріледі. Бұл елде тұрғын үйден басқа жеке көлігін де сақтандыру міндетті болып саналады [5].

Мұндай модель Қазақстан үшін де үлгі бола алады, себебі елде тұрғын үйлердің ішкі мүлкін сақтандыру әлі кең таралмаған. Қазақстанда мүлікті сақтандырудың қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру үшін осы елдердің тәжірибесінен үлгі алуға болады. Түркиядағыдай жер сілкінісі қауіпі жоғары аймақтарда міндетті сақтандыруды енгізу, АҚШ-тағыдай табиғи апаттарға арнайы сақтандыру бағдарламаларын дамыту және Скандинавия елдеріндегідей жеке мүлікті де қорғауды кеңейту – мүлікті сақтандыру жүйесін жетілдірудің маңызды бағыттары болары сөзсіз.

Жүргізілген зерттеу мүлікті сақтандыру күтпеген жағдайларда елеулі экономикалық шығындар тәуекелін төмендете отырып, азаматтар мен ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын қорғауда негізгі рөл атқаратынын көрсетті. Алайда халықтың хабардарлығының төмен деңгейі және сақтандыру қызметтерінің жеткіліксіз танымалдығы олардың тиімділігін шектейді. Осыған байланысты мүлікті, әсіресе жылжымайтын мүлік иелері мен бизнесті міндетті сақтандыруды енгізу орынды. Бұл қаржылық қорғаудың неғұрлым тұрақты жүйесін құруға, сақтандыру мәдениетінің жалпы деңгейін арттыруға және төтенше жағдайлар кезінде мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, міндетті сақтандыру сақтандыру компанияларын неғұрлым қолжетімді және табысты сақтандыру өнімдерін әзірлеуге ынталандырады, бұл сақтандыруды кеңірек аудитория үшін тартымды етеді. Бұл сондай-ақ сақтандыру саласына сенімнің артуына және сақтандырылған объектілер санының артуына алып келеді, бұл тәуекелдер мемлекет, бизнес және азаматтар арасында біркелкі бөлінетін неғұрлым тұрақты экономикалық модельді құруға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Базарбаев А.О. Сақтандыру менеджменті : оқу құралы / А.О. Базарбаев. - Алматы : Экономика, 2014. – 264 бет.
2. Страхование в Казахстане: анализ и тенденции. // <https://7kun.kz/ru/news/strahovanie-v-kazahstane-analiz-i-tendencii?ysclid=m8mp4sddf9902561794>
3. Апат айтып келмейді: Сақтандыру жүйесін дамытуға не кедергі. // <https://kaz.inform.kz/news/kazakstanda-tabigi-apattarga-arnalghan-saktandiru-zhuyes-kashan-azrlened-1b5914/?ysclid=m8rk09tzu175121983>
4. Токаев: Придется подумать над дальнейшим развитием системы страхования имущества граждан. // <https://kaztag.kz/ru/news/tokaev-privetsya-podumat-nad-dalneyshim-razvitiem-sistemy-strakhovaniya-imushchestva-grazhdan>
5. Әлемде мүлікті сақтандыру жүйесі қалай жұмыс істейді? // <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/lemde/698137-lemde-mulikti-sak-tandyru-zhujesi-k-alaj-zhumys-istejdi>